

Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы  
Облыстық экологиялық-биологиялық орталығы

**Оқу – тәжірибе үлескесі. Мектепті көгалдандыру.**

Әдістемелік ұсыным

Орал, 2019 ж

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының облыстық оқу-әдістемелік кабинетінің сараптама кеңесінде қаралып, облыс педагогтарына таратуға ұсынылды № 1 хаттама 25.02.2019ж.

#### **Құрастырушылар:**

- Ф.К. Каумбаева -** облыстық экологиялық-биологиялық орталығының өсімдіктер әлемі бөлімінің меңгерушісі
- Ж.К. Жалгелдеева-** облыстық экологиялық-биологиялық орталығының әдіскері
- А.М. Рыскалиева -** облыстық экологиялық-биологиялық орталығының әдіскері

#### **Рецензенттер:**

- Б.С. Альжанова -** М.Өтемісұлы атындағы БҚМУ-нің ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты, доцент.
- Т.Н. Мазяркина-** ОЭБО жануарлар әлемі бөлімінің меңгерушісі

Жалпы орта білім беретін мектептердің қосымша білім беру педагогтарына, география, биология пәндерінің мұғалімдеріне арналға

## Мазмұны.

### Кіріспе

1. Мектеп жанындағы оқу – тәжірибе үлескісінің (ОТҮ)маңызы, бөлімдердегі жұмыстар мазмұны және ұйымдастыру .....	5
1.1 Үлескіні абаттандыру.....	5
1.2. ОТҮ жұмыс жоспары .....	6
1.3. Тәжірибе жұмыстарын жүргізу әдістері. ....	6
1.4. ОТҮ бөлімдерінің мазмұны мен жұмыстарын ұйымдастыру .....	7
1.5. Тәжірибе жұмысының зерттеу нысаны .....	8
1.6. Тәжірибелік – зерттеу жұмыстарының негізгі кезеңдері.....	8
1.7. Тәжірибелік – зерттеу жұмыстарының құжаттары .....	8
1.8.Қауіпсіздік техникасы.....	9
2. Мектепті көгалдандыру бойынша ұсынбалар.....	10
2.2. Орналастыру бойынша ұсынбалар .....	10
2.3. Жасыл желек пен жер бетіндегі және жер астындағы коммуникациялар арасындағы ара – қашықтық .....	11
3. Бақ композицияларының элементтері.....	12
4. Көгалдандыруда қолданылатын декоративті өсімдіктер.....	14
4.1. Мектеп айналасын көгалдандыруда ұсынылатын ағаштар мен бұталар .....	15

Әдебиеттер.

Қосымша 1

## **Кіріспе**

Оқушыларға жұмыс істеу іскерлігін қалыптастыруды айқын, анық, қисынды, нақты құрылған жоспар бойынша жүргізу керек. Мұндай ауқымды педагогикалық мүмкіндік тек мектеп маңындағы оқу-тәжірибе үлескінде іске асырылады.

Мектеп жанындағы үлескідегі жұмыстардың оқушылар үшін тәрбиелік маңызы зор. Өсімдіктерді күтіп баптау жұмыстарын жүргізу нәтижесінде оқушылар бойында қоршаған тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, еңбекке деген дағды қалыптасады. Олар әдемілікті бағалап, түсіне білуді үйренеді.. Мектеп маңындағы үлескіде жұмыс істеу процесінде биология ғылымының тәжірибемен байланысы айқындалып, пәнаралық байланыстардың нығаюына жағдай туады (биология, химия, география, сызу). Бұл оқу құралында өсімдіктерді сипаттаумен қатар гүлзарлар, газондар, рабаткалар, бардюорлердің құрылым-схемалары, әр түрлі көгалдандыру типіне қатысты өсімдіктер тізімі косымша беріліп отыр.

Мектеп маңындағы жер үлескісінің табысын жиналған өнімнің сандық нәтижесімен ғана емес, ол нәтиже де қажет бола тұрса да, оның оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі нәтижесімен бағалау керек, басқаша айтқанда, мектеп үлескісі оқу сапасын қаншалықты арттырғандығы, жоғарғы сынып оқушылары қаншалықты жұмыс істеу дағдыларын үйренгендігі, төменгі сынып оқушылары қаншалықты жұмыс істеуге әдеттенгендігі жөніндегі нәтижесімен бағалау керек. Сондықтан мектеп маңында оқушылармен еңбек ететін ұстаз, тек қана агрономияның қарапайым негіздерін біліп қана қоймай, сонымен қатар педагог болуы керек. Ең алдымен үлескі территориясын ұйымдастырудың, тұқым себудің, отырғызудың ойластырылған педагогикалық жоспары құрылуы керек.

Оқушылар мектеп үлескісінде өздерінің биологиядан алған теориялық білімдерін тірі өсімдіктер мен жануарлармен жұмыс істей отырып тереңдетеді, бекітеді. Олар өсімдіктерді өсіру әдісі және жануарларды күтіп баптау туралы түсінік ала отырып, белгілі бір жүйеде жұмыс істеуге дағдыланады. Үлескіде жұмыс жасай отырып оқушылар ұйымдастырушылыққа, ұжымда жұмыс істеуге, еңбек мәдениетіне, эстетикалық сезімге, өсімдіктерді көбейту арқылы табиғатты қалпына келтіруге қажетті дағдыларды меңгереді.

Тәжірибе жұмысы еңбекке үйрету, дүниетану, география, биология, экология, химия пәндері сияқты көптеген пәндердің оқу бағдарламаларының жалғасы болып саналады. Оқу – тәжірибе үлескесі – бұл барлық оқу жылы бойына саяхаттар мен сарамандық жұмыстарды өткізетін орын.

Әр жыл сайын 5-6 тәжірибе жүргізу қажет. Облыстық экологиялық-биологиялық орталығы 50 жылдан астам уақыттан бері үздік оқу – тәжірибе үлескесі және мектепті көгалдандыру бойынша облыстық байқау өткізеді. Бүгінгі таңда облыста 194 оқу – тәжірибе үлескісі жұмыс жасайды. Ақжайық ауданының Мерген ЖОББМ, Орал қаласының №37 ЖОББМ жұмыстарын атап

өтуге болады. 2017-2018 оқу жылдар аталған мектептер облыстық байқауға қатыса отырып, жүлделі орындар алды.

## **1. Мектеп жанындағы оқу – тәжірибе үлескісінің (ОТҮ)маңызы, бөлімдердегі жұмыстар мазмұны және ұйымдастыру**

Оқу-тәжірибе үлескісі туралы ереже – мектеп жанындағы оқу-тәжірибе үлескісіндегі жұмыстар ережесін, зерттеу бағыттарын, қауіпсіздік және еңбекті қорғауды, педагогтар мен оқушылардың құқығы мен міндеттерін (1-қосымша) реттейтін құжат болып саналады.

Оқу-тәжірибе үлескісі – жалпы орта және арнайы білім беру мекемелерінде биология, еңбекке үйретуден оқу сабақтарын жүргізу үшін, қоғамдық пайдалы жұмыс, тәрбие, зерттеу, табиғатты қорғау қызметтерін ұйымдастыру үшін құрылады.

### **1.1 Үлескіні абаттандыру**

Үлескіні бөлімдерге бөлу, егістік жерлерді жасау, тәжірибе және бақылауға арналған жүйектерді бөлу, жолдарды безендіруді шнурмен, ал тік бұрыштарды экердің көмегімен жүргізу керек. Жүйектің және жолдардың шекаралары шнурдың жанына тырнауышпен өтіп, белгілеуге, әр қопсытудан кейін шнурмен қайта қалпына келтіру керек. Оқу-тәжірибе үлескісінің барлық бөлімдері, егістік жерлері, жекелеген өсімдіктер мен олардың түрлері, сонымен қатар орындалатын тәжірибелер белгіленген тәртіпте және сәйкес этикеткалары болуы қажет. Этикеткаларды дұрысында белгіленген мөлшерде дайындау қажет: ірілеулері үлескі бөлімдерін белгілеу үшін (20×30 см, бір ұшы өткір таяқтың биіктігі 60 см); орташалары жекелеген тәжірибелерді белгілеу үшін (15×20 см, бір ұшы өткір таяқтың биіктігі 35 см); ұсақтаулары тәжірибе нұсқаларын, өсімдік атауын белгілеуге (10×15 см, бір ұшы өткір таяқтың биіктігі 25 см). Этикеткаларда өсімдіктің тұқымдасы, туысы, түрі немесе тәжірибенің нұсқасы мен қайталануы жазылады. Жолдар үлескідегі барлық композициясының маңызды элементі болып саналады оған өзінше бір бөлек ерекшелік береді. Бақтағы жолдар мен соқпақ жолдар жабын түріне, орналасуына, қолданылатын материалы мен технологиясына қарай ерекшеленеді. Жолдардың жабын түрлері: плиткалы, тасты, блокты, бетонды, ағаш, шөпті және т.б. Жасау бөлімдері: құмға, цемент ерітіндісіне, бордюрмен, бордюрсіз, түгелдей, аралдар түрінде. Үлесіде шөпті жолдар жасауға болады. Ол үшін топырақты өңдеу қажет: құм немесе қиыршық тастардан дренажды қабат және сәйкес шөп қоспасының тұқымы. Жолда шөп төмен болу керек, сондықтан шөпті уақытылы қиып отыру қажет.

**Жол жасау.** Незізгі (орталық) жолдардың ені 1,2-1,5 м. қосымша мәні бар жолдардың ені 1 метрден артық емес, ал жүйектердің арасындағы жол 0,5 м-ден артық емес. Кез келген жолдың жаңбыр суы тұрып қалмауы үшін, биіктеу болуы қажет.

## **Оқу- тәжірибе үлескісінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі**

1. Тырнауыштар
2. Күректер
3. Кетпендер
4. Газоншапқыштар
5. Секаторлар
6. Шелектер
7. Резина шлангалар
8. Су шашқыштар
9. Сыпырғыштар

Барлық жабдықтар аумағы 40 м<sup>2</sup>. орында сақталады және маркировкалануы қажет.

### **1.2. ОТУ жұмыс жоспары**

ОТУ жұмыс жоспары келесі бөлімдерден тұрады:

өткен жыл жұмысының талдауы;

үлесі схемасы;

бағдарламалық тәжірибе тақырыптары;

жүргізілетін жұмыстардың материалдық қамтамасыз етілуі (егетін және отырғызатын материалдар, инвентарь, тыңайтқыштардың қажеттілігі;

қоғамдық пайдалы жұмыстар;

оқушылардың жазғы жұмыс кестесі;

сабаққа қажетті табиғи үлестірме материалдарын дайындау;

өнімді жоспарлау, оларды пайдаға асыру және т.б.

### **1.3. Тәжірибе жұмыстарын жүргізу әдістері.**

1. Тәжірибе жұмысын жүргізу үшін бірдей көлемде тәжірибе және бақылау жүйектері болуы қажет. Жүйектердің аумағы 20 кв. м (2 x 10) ден кем болмауы тиіс. Бағдарламалық тәжірибелерді 5 – 10 кв. м. Жүйектерде жасауға болады.

2. Тәжірибе және бақылау жүйектеріндегі барлық жағдайлар тек тәжірибенің тақырыбында қаралғаннан басқаларында бірдей болуы керек.

3. Барлық тәжірибелерде екеуден кем емес қайталану қажет.

4. Жаңа агротәсілдерді танып білу тәжірибелерінде бақылауға сол шаруашылықта алынғаны бақылауға алынады.

5. Түрді танып-білуде жергілікті жерге әкелінген түр бақылауда болады.

6. Жоғарғы өнім алуда әдеттегідей агротехникада аталған түр бақылауға алынады.

7. Себу немесе отырғызу тәжірибе және бақылау жүйектерінде бірдей уақытта, бірдей қатарға жүргізіледі.

8. Тәжірибеге алынған өсімдіктерге күтім барлық жүйекте бірдей және бір уақытта жасалады. Бір рет қайталағанда бір күнде орындау керек.

9. Өнімді де бір рет қайталағанда бір күнде жинау керек. Өнімді жинау алдында өсімдікті мұқият қарау керек. Педагогтың міндеті тәжірибе шарты бойынша,

тіршілік жағдайына байланысты агротехникалық жағдайларды қолдана отырып, оқушыларға жекелеген жүйектердегі өсімдіктерден аз болса да өзгерістерді байқау, қарау – бақылау кезінде топтың барлық оқушылары қатысады.

#### **1.4. ОТУ бөлімдерінің мазмұны мен жұмыстарын ұйымдастыру**

**Бастауыш сынып бөлімі.** Бұл бөлімде бастауыш сынып оқушылары үлескі туралы алғашқы мәліметтерді алады. Үлескідегі жұмыстың мақсаты: табиғатты танып-білуге, фенологиялық бақылаулар жүргізуге, өсімдіктерді күтіп-баптауға үйрету. Бастауыш сынып бөлімінде келесі жүйектер болады: гүлді – декоративті, көкөністік, жеміс-жидек. Бөлімде қарапайым тәжірибелер жүргізіледі.

*1 сынып оқушылары* -тұқымдары ірі бірден ашық грунтқа егуге болатын настурция, хош иісті бұршақ, фасоль және басқа өсімдіктерді өсіреді. Бақылау жүргізеді, алғашқы өскіндердің пайда болуын, гүлдеуін, жемісінің пісуін бақылайды.

*2 сынып оқушылары* -бұршақ, фасоль, қызылша, сәбіз және т.б. гүлді – декоративті және көкөніс өсімдіктерін өсіреді.

*3 сынып оқушылары*- бір жылдық және көпжылдық гүлді-декоративті өсімдіктерді тұқыммен және қаламшемен өсіреді. Гүлді – декоративті және көкөніс, жеміс –жидектерді (қарақат, жүзім) жиі егудің өсімдіктің өсуі мен өнім беруіне және өмір сүру ұзақтығы мен гүлдеуіне әсерін бақылайды.

*4сынып оқушылары*- көпжылдық, пиязшықты гүлді-декоративті өсімдіктерді тұқыммен және қаламшемен өсіреді. Қызанақ, орамжапырақ, қияр, кабачки, патиссон өсімдіктерін егу және отырғызу мерзімінің өнім беруіне әсерін бақылайды.

**Егістік және көкөністік өсімдіктер бөлімі.** Егістік және көкөністік өсімдіктер бөлімдерінде биология бағдарламасына сәйкес сол аймақтың маңызды а/ш өсімдіктері (астық тұқымдас, егістік, азықтық, техникалық дақылдары) және қаламшелі, қаламшесіз әдіспен көкөністер өсіріледі. Оқушылар мәдени өсімдіктердің түрлерімен танысады.

**Жеміс-жидек бөлімі.** Бақтың көлемі мектеп жанындағы оқу-тәжірибе үлескесінің көлеміне байланысты жеміс беретін, бірнеше ағаштар мен жидектердің түрі болуы тиіс. Биология бағдарламасы бойынша мектеп бағында оқушылар түрлі биология курстарын оқып – үйренеді. Жақсы егетін материалды негізінде мектеп тәлімбағында өсіреді.

Тәлімбақта шие, қара қарақат, алша, алма, алмұрт өсімдіктерін тұқымынан немесе телу арқылы өсіру әдістерін жүргізеді. Оқушылар питомниктерде, жеміс-жидектердің вегетативтік, тұқымдық жолмен көбею жолдарын зерттейді. Бұталардың жоғалып бара жатқан өсімдіктерге зерттеулер жасайды.

Питомниктерде жылыжайлар мен рассадниктердің болғаны дұрыс, бұл жерлерде зерттеу жұмыстары өткізіледі.

**Коллекциялық бөлім.** Коллекциялық бөлімде егістік гүлдері және көкөніс өсімдіктері өсіріледі. Ауданы гүлдердің түріне байланысты, өсімдіктердің ботаникалық тұқымдастықтарына байланысты гүлді-декоративті, емдік және жабайы флора өсімдіктері, біржылдық, екіжылдық, көпжылдық өсімдіктер

өсіріледі. Оқушылар өсімдіктердің систематикасымен, морфологиясымен, өсімдік генетикасы, селекциясы, экологиясымен танысады, дидактикалық материалдар жинақтайды, фенологиялық бақылаулар жүргізеді.

**Экологиялық бөлім.** Экология кабинеті, оқу экологиялық соқпағы, микроқорықша, табиғат мұражайы, альпинарий, көлеңке сүйгіш өсімдіктер, су қоймасы, қорғалатын өсімдіктер, экологиялық (дарвин) алаңы және т.б. болады.

### **1.5. Тәжірибе жұмысының зерттеу нысаны**

Зерттеу нысаны ретінде өсімдік шаруашылығының келесі мәселелері бола алады:

- өсімдіктерді өсірудің жаңа технологиялары;
- өсімдіктерді зиянкестерден және аурулардан қорғау;
- арам шөптер және олармен күрес жолдары;
- тұқымды сұрыптау жұмыстары;
- көкөніс, егіс, жеміс-жидек, гүлді – декоративті өсімдіктердің түрлерін зерттеу бойынша тәжірибелер;
- сирек және аз таралған өсімдіктер биологиясын танып-білу; Экологиялық таза өнімдерді өсіру өзекті болғандықтан олардың түрлерін немесе өнімділігін арттыру бойынша экологиялық тәжірибелер.

### **1.6. Тәжірибелік – зерттеу жұмыстарының негізгі кезеңдері**

Зерттеуді жүргізу келесі кезеңдерден тұрады:

1. Проблеманы іздеу, тақырыпты таңдау, мақсат пен міндет қою.
2. Зерттелетін проблемамен танысу, материалды жинау әдістерін таңдау және игеру.
3. Зерттеу, бақылау жүргізу кезінде материал жинау.
4. Нәтиже алу және оны талдау.
5. Жасалынған жұмыстардың есебін жазу.

### **1.7. Тәжірибелік – зерттеу жұмыстарының құжаттары**

Тәжірибелік – зерттеу жұмыстарының нәтижелері үнемі бақылау күнделігінде жазылуы керек. Бұл тәжірибенің жүргізілгендігін және нәтиженің алынғандығын дәлелдейді. Оған барлық бақылаулар, есептердің нәтижелері және басқа қажетті мәліметтер жазылады. Кейін қайта қарап, талдауларлар жасап, нәтиже алынады және қорытынды жасаланады.

#### **Тәжірибе жүргізу бойынша күнделік:**

Тәжірибені жүргізу мақсаты

Жүйектер көлемі;

Қайталаулар саны;

Тәжірибеге алынған өсімдіктің биологиялық ерекшеліктері;

Тәжірибені жүргізу бойынша күнтізбелік жоспар;

Орындалған жұмыс мазмұны және оларды жүргізу:

Өсімдікке фенологиялық бақылау;

Тәжірибені жүргізуде метеорологиялық бақылаулар;

Жинау және өнім есебі;



Жүргізілген тәжірибе бойынша қорытынды;

Тәжірибе нәтижесін практикаға енгізу туралы ұсыныстар;

### **Жиналған материалды бірінші реттік өңдеу.**

Бақылау материалдарын бірінші реттік өңдеу кестелер жасау және нәтижелерді математикалық өңдеуден тұрады. Кестеге енгізілген мәліметтер алынған нәтижелерді классификациялауға және салыстыруға мүмкіндік береді. Келесі кезеңде кестелердегі мәлімет бойынша диаграммалар мен графиктер жасалынады. Олар алынған нәтижелерге үлкен көрнекілік береді және қабылдауға оң әсер береді. Графиктер мен диаграммалар жасаған соң алынған мәліметтерді, нәтижелерді талдауға және құрастыруға кірісеміз. Қорытынды дегеніміз зерттеу жұмысының қысқаша қорытындылау, әдетте қысқа бірақ мазмұнды сипатта болады. Зерттеу жұмысында ережеге сай қорытынды дегеніміз қойылған мақсат пен міндеттерге жауап ретінде болады. Қорытындыны әрбір бөлімге және алынған нәтижелерге мазмұн беру деп қарауға болады. Қорытынды мен нәтижені шатастыруға болмайды. Егер нәтижелер материалды жинақтау барысындағы «жалаң» фактлер болса, онда қорытынды тәжірибелердің, өлшеулер мен бақылаулардың, жасалған талдаулардың «жемісі» болып саналады. Қорытынды тарату сипатында болуы керек. Қорытындыға қойылатын маңызды талап: қорытындылар нәтижеден шығуы керек, яғни максималды түрде негізді болуы керек. Қорытынды жеткілікті көлемдегі материалға негізделеді және алынған фактлердің жеткілікті мөлшерімен бекітіледі.

### **1.8. Қауіпсіздік техникасы**

ОТУ қауіпсіздік техникасы бойынша инструктаж өткен және денсаулық жағдайы қалыпты оқушылар жіберіледі. Жарақат алу немесе басқа қолайсыз жағдайлардың болу себептері: күтім жасалмаған аумақта қолғапсыз, қажетті аяқ киімсіз және киімсіз жұмыс жасау; топырақты өңдеу және өсімдіктерге күтім жасауда қажетті құралдарды дұрыс пайдаланбау; нормадан артық ауыр заттарды көтеру немесе тасымалдау; еңбек тәртібін бұзу. Оқушылар жетекшінің басшылығымен алынған құрал – жабдықтың не үшін қажеттігін білуі және алынған құралдарды қауіпсіздік болмайтындай пайдаланумен танысуы тиіс. Қандай болмасын бір сұрақты түсінбеген болса, мұғалімге жолығып, түсіндіруін сұрауы қажет. Оқу – тәжірибе үлескісінде қауіпсіз жұмыс жасау, оқушылар халатпен және қолғап киеді; топырақты қопсыту, арам шөп жұлу, тыңайтқыш енгізуде, өнім жинауда қолғап пайдалануы керек; жерден металл, әйнек, және басқа заттарды күрек, тырнауыш, кетпен және басқа құралдардың көмегімен; қурап қалған бұтақтарын қию үшін арнайы бау-бақшаға арналған арнайы қайшыларды (секатор) пайдалануы керек. Ірі бұтақтарды арнайы қол арамен кеседі. Ұсақ бұтақтарды арнайы пышақтармен кеседі. Өткір құралдарды тасымалдағанда (күрек, тырнауыш, айыр) оқушылар оларды басқа оқушыларға зақым келтірмеу үшін вертикальды, жұмыс жасайтын бөлігін төмен ұстауы; тырнауышпен, айырмен жұмыс кезінде олардың жұмыс жасайтын бөлігін айналасындағыларға бағыттамау керек, жұмыс кезінде тез шаршамауы үшін жұмыс түрін кезектестіріп отыру қажет. Жұмыс аяқталған соң барлық құрал – саймандарды, ыдыстарды тазалайды және кезекші

мұғалімге тапсырады; барлық құралдарды белгіленген жерге қояды; киімін және өзін ретке келтіреді; мұғалімнің рұқсатымен кетеді. Мектеп жанындағы оқу – тәжірибе үлескісінде тікенекті бұталар мен улы өсімдіктерді отырғызуға, пестицидтер мен (инсектицид және гербицидтер) жұмыс жасауға; ОТҮ кезекші мұғалімге ескертпей кетуге болмайды. Мектеп жанындағы оқу – тәжірибе үлескісінде сол уақыт кезінде жұмысқа жетекшілік жасайтын мұғалім оқушылардың қауіпсіздік техникасы ережесін сақтауын қадағалауы қажет.

## **2. Мектепті көгалдандыру бойынша ұсынбалар.**

**Жасыл желектің маңызы:** ауадағы шаң-тозаңмен, газданумен күрес; жасыл желектің көмір қышқыл газын сіңіруі және оттегін бөлуі; аумақты декоративті жоспарлау және эстетикалық шешім; тұрғындардың демалуын ұйымдастыру және жасыл желектің ауаның ылғалдылығы мен шу деңгейіне фитонцидті әсері; жылу реттеуші және жел қорғаушы фактор.

### **2.1. Мектеп үлескісіндегі көгалдандыру нысандары:**

Мектеп ғимараты, оқу – тәжірибе үлескісі, метеорологиялық және географиялық алаңдар, спорт аймағы, алғашқы әскери дайындық сабағы алаңы, өндірістік шеберханалар, шаруашылық жабдықтары орындары, мектепке баратын жолдар, рекреациялық демалыс аймақтары.

#### **Әдеби безендіру түрлері:**

- скульптурлар;
- бақ құмыралары;
- гүл салғыш ыдыстар;
- бекітілген, тіреу қабырғалар;
- тас баспалдақтар;
- су.

### **2.2. Орналастыру бойынша ұсынбалар**

Үлескіде ағаштар мен бұталарды белгілі бір архитектуралық тәртіпте орналастырған дұрыс. Таңдау кезінде олардың габитусын (биіктігі, жапырақтары мен сабақтарының өскен кездегі өлшемі) даму фазасындағы толық жас ерекшелігін ескеру қажет. Гүлдеу мерзімін және басқа декоративті қасиеттерін (мысалы, жапырағының, бұтағының, жемістерінің күзгі бояу түстері.) Алдыңғы жағына ірі бұталарды отырғызбаған дұрыс. Ағаштың оңтүстік жағына тамыр жүйесі кең тарауына байланысты отырғызбауды ұсынылады.

Дендрологиялық коллекция тек жергілікті ағаштар мен бұталардың түрлерінен емес, сонымен қатар басқа географиялық аймақта өсетін экзотикалық өсімдіктерден құрауға болады. Дендрарийге өсімдіктерді систематикалық немесе географиялық принципі бойынша, яғни шығу тегі принципі бойынша орналастырылады. Ағаш текті өсімдіктердің саны мен түрі дендрарийдің аумағына байланысты. Әдетте 50-60 түр (ағаштың 12-16 түрі және бұталардың 40 түрі).

Дәстүрлі газон, гүл клумбалары, жасыл өсімдіктерді пішіндеу арқылы көгалдандыру түрлерімен қатар, фитодизайнның рокарии, альпі тауы, тастардан жасалған бақтар, вертикаль көгалдандыру сияқты заманауи түрлері мен әдістері қолданылады. Гүлді – декоративті көгалдандырудың жалпы жоспары мен келбетінде бірдей әдеби ой болуы керек. Мектептің аумағындағы өсімдіктердің көлемі мен көптүрлілігі климаттық жағдайға және құрылыстың орналасу тығыздығына байланысты көгалдандыратын аумақта жолдардың көп болмағаны дұрыс. Әр жолдың орналасуы функционалды түрде маңызды болуы керек.

Еркін өсетін ағаштар мен бұталар және гүлдер топтарын қоршауларды, жолдарды, су қоймаларының айналасына кезектестіре отырғызады. Мектеп жанындағы оқу – тәжірибе үлескісінде әдемі гүлдейтін өсімдіктер және декоративті жапырақтары мен жемістері бар түрлер ұсынылады. Өсімдіктерді орналастырғанда маусым бойына бір декоративті өсімдік келесісімен ауысып отыру үшін олардың биіктігін, пішінін, гүлі мен жапырағының түсін, гүлдеу уақытын ескеру қажет. Көктемде мол және әдемі гүлдерімен, ал күзде ашық жемістерімен қауашақтанатын жеміс ағаштарын қолдануға болады.

**Қылқан жапырақты** ағаштар жыл бойына декоративті.

Шырша, қарағай желден қорғау үшін үлескінің солтүстік жағынан отырғызады, мектеп ғимаратын, қоршауды, беседкалар мен аркаларды тігінен көгалдандыру арқылы безендіруде декоративті жапырақты, әдемі гүлдейтін, шырмалғыш – өрмелегіш өсімдіктер қолданады.

**Гүлзарлар** мектеп алдында, жолдың жиегінде орналасады. Егер мектеп фасады солтүстікке қараған болса, онда гүлдердің басым бөлігін ғимараттың оңтүстік жағынан отырғызған дұрыс. Көпжылдықтардан құралған гүлзарларда әдемі гүлдейтін бұталар немесе қылқан жапырақты өсімдіктердің бақтарға арналған түрлерін (пирамидальды, шар тәрізді) өсіреді.

Мектеп айналасын көгалдандыру жоспарын жасауда ескеру керек жағдайлар:

- ғимараттан ағашқа дейін қашықтық белгіленген мөлшерден кем болмауы керек;
- қолданылатын өсімдіктер ассортиментінде улы жемістері; жапырақтары немесе гүлдері бар және тікенекті ағаштар; бұталарды және гүлдерді өсіруге болмайды;
- ағаштар мен бұталардың отырғызу тығыздығы шамамен мынадай: 150-180 ағаш және 2,5 — 3 мың. бұталар 1 га жер үлескісіне.

### **2.3. Жасыл желек пен жер бетіндегі және жер астындағы коммуникациялар арасындағы ара – қашықтық**

№	Коммуникациялар	Ағаштар (м)	Бұталар (м)
1	Ғимараттың сыртқы қабырғасынан	5,0	1,5
2	Бекітілген (тіреу) қабырғалардан	3,0	1,0
3	Биіктігі 2 м және одан да биік қоршаудан	3,0	1,0
4	Бағаналардан	4,0	1,0

5	Газ өткізгіштерден	2,0	1,5
6	Жылу өткізгіштерден	2,4	2,0
7	Су өткізгіштерден және канализациялардан	2,0	1,0
8	Электрокабельден	3,5	2,0
9	Тротуардан	2,0	0,7

Егер мектепке автокөлік жолы жақын болса, онда ағаштар мен бұталарды шаңнан қорғау және шуды азайту үшін қоршауды бойлай отырғызады. Жолға жақын емес жағына биік ағаштар егудің қажеті жоқ, бұта немесе шырмалғыш өсімдіктер өсіруге болады.

### **3. Бақ композицияларының элементтері.**

Өсімдік отырғызу түрлері: аллея, қатар табиғи және қиылған, төмен ағашты – бұталы өсімдіктер түрлері: гүлдейтін әр түрлі шөптесін және бұталы өсімдіктерді дара немесе топтастырып отырғызу, қиылған газон немесе биік шөптер, шырмалғыш өсімдіктерді басқа декоративті элементтермен үйлестіру.

**Шалғындықтар, газондар.** Шөптесін өсімдіктер жамылғысы газон және шалғындықтар болып бөлінеді. Газонды үнемі қиып отырады, себебі ол қалың және тығыз болады, шалғындықты жылына бір –екі рет орады. Декоративті газондар партерлі және қарапайым болып бөлінеді. Партерлі газондарды жауапты, алдыңғы орындарға егеді. Олар әр уақытта түзу, тегіс, жасыл кілемдей болуы керек. Қарапайым газон – негізінен көше, скверь, квартал арасын көгалдандыруда қолданады.

**Партеры.** Партер дегеніміз горизонталь жазықтықта орналасқан, өсімдіктерден, инертті материалдардан және судан жасалған декоративті композиция. Партер бір, екі, төрт немесе одан да көп элементтерден тұруы мүмкін. Жиі кездесетіні: кружева, узорлы, «тігілген», орнаментті, кесілген, оранжерея айналасындағы партер.

**Солигерлер** (біреуден отырғызу). Солигер — шалғындықта, алаңда немесе жасыл желектен бөлек, оқшау өсіп тұрған ағаш.

**Аллеялар.** Ағаштар мен бұталардың тура сызықты орналасуы. Жолдардың жанына отырғызады.

Ағаштарды қатарлы отырғызу – бұл ағаштарды бір сызық бойына отырғызу.

**Тірі өсімдіктермен қоршау** — декоративті, қоршау және маскировкалық қызмет атқаратын, еркін өсетін немесе пішінге келтірілген бір қатарға отырғызылған (кейде ағаштар) бұталар.

**Топтар** – бір немесе бірнеше түрлі ағаш текті өсімдіктердің бақтың ашық жерінде оқшауланып орналасуы.

**Вертикалды көгалдандыру** – көгалдандыруда қолданылатын тиімді әдістердің бірі тігінен көгалдандыру.

**Гүлмен безендіру.**

**Гүлзар** — геометриялық немесе еркін пішінде бір жылдық және екі-көпжылдық гүлдейтін өсімдіктерден жасалған үлескі. Әр гүлзардың өзіндік құрылымы болады.

**Тасты композициялар.** Бұндай гүлзарларды әр түрлі атайды: рокарий, альпинарий, тастан жасалған бақ, альпі тауы. Бұнда өсімдіктер тастармен үйлесім табады.

**Архитектуралық элементтер.** Бұл сол нысанды әдеби, жалпы мазмұн мен стильде безендіру элементтері (фонарьлар, қоршаулар, сорындықтар, фонтандар, вазалар және т.б.).

**Клумба** (дұрыс геометриялық пішіндегі гүлзар). Клумба жасау үшін оның шекарасын сызу керек, топырақты тік күрекпен қазып, құнарлы топырақ салу керек. Жер отырғасын өсімдіктерді отырғызуға болады. Клумбаның жиегінде кішкене газон (10-20 см) немесе төмен өсетін өсімдіктерден бордюр жасау керек.

**Рабатка** (жүйек дегенді білдіреді) тік бұрышты созылған гүлзар – жүйекжолдың бір жағында немесе екі жағында немесе ортасында орналасады. Рабаткалар мөлшері гүлзардың сипатына және үлескі көлеміне байланысты. Ол бірнеше гүлдердің гүлдеу уақытының ауысу принципі бойынша жасалынады. Рабатка бір жақты болуы мүмкін, ал ондағы өсімдіктер екі немесе үш қатарлы, биік өсімдіктер арқы жағында қалады. Екі жақты рабаткада (әдетте ортасында) биіктіктері бірдей өсімдіктерді қарастырады немесе ортасына биіктерін, шеттеріне аласаларын алады; сыртқы жиектерді өте аласа өсімдіктерден болады. Сыртқы жиектерді газонмен, ұсақ плиткамен, жалпақ таспен, үгілген таспен және т.б. материалдармен жасайды.

**Бордюр** (қайырылған жері немесе жиегі) бір элементтің екіншісіне өткендігін көрсететін бақтарда гүлзардың, клумбаның және басқа көгалдану түрінің шекарасын ерекшелендіріп көрсететін еңсіз декоративті жолақ. Бордюр түсі бойынша басқа композициядан ерекшеліп тұруы керек. Бордюр жасауда бір жылдық және көпжылдық өсімдіктер пайдаланылады. Өсімдіктерді бір қатарлы, екі қатарлы және көп қатарлы болуы мүмкін. Бордюр жасау үшін келесі өсімдіктерді пайдалануға болады: көктем гүлдері, қызғалдақтар, нарцисс, сцилла, крокустар, флокстың аласа түрлері, иристер, маргариткалар, незабудка, ергежейлі қоңыраубастар, астра (аласа түрлері), бархытгүлдер, гипсофила.

**Живые изгороди** – биіктіктері, қатарлары, оларға жасайтын күтім бойынша классификацияланады. Биік түрлерге қолдануға болады: канада бузины, кәдімгі калина, «Бульденеж» калинасы, Татарская жимолость, кәдімгі ирга, рябину черноплодная (аронию), чубушник, лох войлочный, жимолость, дерен белый. Орташа және төмен түрлері: кизильник блестящий, тобылғының әр түрлері (спиреялар), снежноягодник, смородина золотистая. Үнемі қиып отыру қажет.

**Вертикалды көгалдандыру** Безендірудің қарапайым, қолжетімді және тиімді әдісі. Вертикалды көгалдандыру кейбір өсімдіктердің тіреу арқылы жоғары өрмелеу қабілетімен байланысты. Бұл өрмелегіш және шырмалғыш өсімдіктер. Вертикалды көгалдандыруда пайдаланатын өсімдіктерге қойылатын негізгі талаптың ерекшелігі, олар қысқа уақыт ішінде тіреуді интенсивті түрде өсіп, жабуы керек. Өрмелегіш өсімдіктер арнайы жасалған тіреу сымды, торды, колоннаны, бағананы, кепкен ағашты айналып, орайды. Әдетте бұндай тіреулерді өсімдікті отырғызғанға дейін жасап, қондырады. Өсуі кезінде жас

өскіндерді тіреуге бағыттау, байлау керек. Шырмалғыш өсімдіктер арнайы жасалған тіреулерді қажет етпейді, олар өздері тауып алады. Мұртшаларының (түрі өзгерген жапырақ) немесе қосалқы тамырлары арқылы кез келген тігінен тұрған затқа шырмалып алады.

Бұл өсімдіктерді қарапайым ағаштар мен бұталарды қолдануға болмайтын жерде өсіреді. Вертикальды көгалдандыруға бір жылдық өсімдіктерді (хош иісті бұршақ, настурция, вьюнок) және көп жылдық өсімдіктерді (жүзім, хмель, жимолость каприфоль, плющ обыкновенный, розы плетистые, клематис және т.б.). Әсіресе вертикальды көгалдандыруға қолайлы: виноград (летний, прибрежный, скальный) сабақтары 10-25 м, жимолость, сабақтары 4-6 м, кирказон лиана 15-20 м, дөңгелек жапырақты, диаметрі 20 см, клематис сабақтары 6-10 м және көп гүлдейді.

**Тасты бақтар.** Көп ғасырдан бері барлық елдердің бағбандары гүлзарларды тастарды пайдалану арқылы жасайды. Бұндай гүлзарларды әр түрлі басылымдарда әр түрлі атайды: рокарий, альпинарий, каменистая горка, альпийская горка. Дәстүрлі мағынада альпинарий орташа ендік жағдайында орындау күрделі болып келетін тек альпілік және субтропикалық түрлерден жасалады.

**Альпі тауы.** Альпі тауын жасау үшін белгіленген алаңнан 20-25 см тереңдікте жер бетінің қабаты алынады, арам шөптерді тамырымен тазалайды. Жер алынған тереңдікте 10 см – ге дейін қиыршық тас (щебень), сынған кірпіш тас немесе соған ұқсас материалдармен толтырып, нығыздайды. Үстінен 30-40 см. Биіктікке дейін топырақ төгеді, (жер үгіліп, шайылып кететіндіктен одан артық болмайды), оңтүстік – батыс және оңтүстік – шығысқа қарай бағыттап құмды, сазды, қара шірікті топырақ дайындайды. Бір түсті, бір жынысты тастарды (эбас, құм тас, гранит) таңдаған дұрыс. Тастар дөңгелек немесе дұрыс емес пішінде, әр түрлі мөлшерде (бір текті болып кетпеуі үшін). Үздіксіз гүлдеп тұруы үшін отырғызған кезде өсімдіктердің ерте көктемнен күзге дейін гүлдейтін уақыттарын ескеру керек. Кілем тәрізді және аласа өсімдіктерді немесе орташа биіктіктегі өсімдіктерді, әдемі гүлдейтін және декоративті жапырақты өсімдіктерді топтап отырғызады. Биік өсімдіктер - шаңжапырақтар, астық тұқымдастар, осоки азғантай мөлшерде отырғызады. Өсімдіктерді мүмкіндігінше табиғи түрлерінен өсіру керек. Отырғызуға ерте көктемде өсетін пиязшықты өсімдіктер: бәйшешектер, крокус, астраның түрлері, қызғалдақтың аласа түрлері, альпі тауына кілем текті өсімдіктер: флокс, алиссум, вероника ползучая, қалампыр ұсынылады.

#### **4. Көгалдандыруда қолданылатын декоративті өсімдіктер.**

Бұталы өсімдіктер – кішкене өскенде олар өздерінің алаңдарында әр түрлі биіктікте және тығыздықта декоративті бұта құрайды (пион және т.б.)

**Жер бетін жауып жататын өсімдіктер** негізінен көпжылдықтар. Олардың ерекшелігі бұталары тез өседі. Жиі отырғызса азғантай уақыттан соң топырақтың беткі қабатын жабады, тұтастай кілем түзеді. Декоративтілігі гүлдеу кезінде жақсы байқалады. (будра, гипсофила, флокс дернистый)

**Пиязшықты өсімдіктер** — қызғалдақтар, нарцис, гиацинттер ерте өсуімен және көктемде, жаздың басында әдемі гүлдеуімен ерекшеленеді. Тез гүлдеп,

курайтын болғандықтан пиязшықты өсімдіктердің орны жалаңаштанып қалмауы үшін басқа өсімдік түрлерімен үйлестіру керек.

### **Өрмелегіш өсімдіктер**

- бұршақ, хмель, декоративті асқабақтың сабақтары шырмауыққа ұқсас, иілгіш. Олар өрмелейтін сабақтары, мұртшалары арқылы тіреуге көтеріліп, архитектуралық пішіндер жасайды..

**Биіктіктері** бойынша өсімдіктер исполиндік, биік-, орташа-, аласа және ергежейлі болып бөлінеді. Исполиндік 2 метр және одан жоғары (гречиха сахалинская 1.5-3 м), сонымен қатар девясил, рудбекия, гибридті дельфиниум, коровяк және басқа өсімдіктерді пейзажды композицияларға пайдаланды. Биік көп жылдық және бір жылдық өсімдіктер ( 1 м-ден 2 м –ге дейін) флокс, астралар және т.б.) орташа биіктікті ( 0,5- 1 м) ( пиондар, гайлардия, кореопсис, түймедағы, шаңжапырақ, мыңжапырақ және т.б. түрлер).

Аласа өсімдіктер ( 25 - 50 см) бордюрларға, аласа клумбаларға, рабаткаларға, алдыңғы жақтағы массивке ( примула, қызғалдақтың ерте гүлдейтін түрлері, гиацинт, ирис, лобелия, алиссум.) өсіреді.

Ергежейлі және жатаған сабақты өсімдіктер ( 25 см- ге дейін) (пролеска, бәйшешек, шафран, гадючий лук, ландыш, астра альпийская, горечавка, безвременник және басқа ерте гүлдейтін өсімдіктер) олардың көптеген түрлері альпі ландшафтын безендіруде топырақ жамылғы өсімдіктер ретінде қолданылады.

**Құрғаққа төзімді декоративті өсімдіктер.** Алиссум, арабис, конвольвулюс (вьюнок), гайлардия, гвоздика, гипсофила, диморфотека, иберис, кермек, космея, мак, мальва, настурция, седум (очиток), полынь, портулак, синеголовник, тимьян, флокс (стелющиеся формы), сальвия (шалфей), эшшольция, цикорий.

**Көлеңке сүйгіш өсімдіктер.** Шаңжапырақтәрізділер, хоста, медуница сахарная, сныть обыкновенная, ветреница дубравная и лютиковая (сәуірде гүлдейді), ветреница, купена көп гүлді (мамырда гүлдейді), ландыш майский (мамырда гүлдейді); бұталар: ағаш тәрізді гортензия, ірі жапырақты различные вейгеланың түрлері.

**Су қоймасы маңында өсетін өсімдіктер.** Калужница болотная, купальница, нарцисс, белокрыльник, примула, лилейник, плакун-трава (дербенник), лигулярия, таволга вязолистная, береговая, орляк обыкновенный, рогоз широколистный, аконит.

**Суда өсетін өсімдіктер:** стрелолист, водокрас, частуха подорожниковая, кувшинка белая (нимфея), кубышка желтая, рдест плавающий.

### **4.1. Мектеп айналасын көгалдандыруда ұсынылатын ағаштар мен бұталар**

Мектеп айналасын көгалдандыруда келесі ағаштар мен бұталарды отырғызуға болады:

Қайың (береза: бородавчатая, пушистая)

Терек (вяз: гладкий, приземистый, шершавый, мелколистный)

Емен (дуб: черешчатый, красный)

Шырша (ель: колючая, обыкновенная)

Тал (ива: белая, плакучая)  
Каштан конский  
Тал(клен: зеленокорый, красный, серебристый, остролистный, полевой)  
Жөке (липа: крупнолистная, мелколистная, обыкновенная)  
Балқарағай (лиственница: европейская, сибирская)  
Шетен (рябина: обыкновенная, гранатная)  
Қарағай (сосна: обыкновенная)  
Терек(тополь: бальзамический, белый)  
Үйеңкі (ясень: пушистый, обыкновенный)  
**Кустарники**  
Шие (вишня: войлочная, песчаная)  
Гортензия; метельчатая, серая, древовидная  
Дерен белый  
Жимолость: альпийская, приятная, съедобная, каприфоль  
Тал (Ива: пурпурная, пятитычинковая, русская )  
Ирга круглолистная  
Калина: городовина, канадская, бульденеж  
Кизильник: блестящий, клуглолистный  
Лещина: обыкновенная  
Магония падуболистная  
Таңқурай (малина: прекрасная, душистая)  
Можжевельник: казацкий, обыкновенный  
Ракитник: двухцветковый, альпийский, золотой дождь  
Бөртегүл (сирень: обыкновенная, персидская)  
Қарақат (смородина золотистая)

## 5. Қорытынды.

Мектеп үлескісінің үлкен тәрбиелік мәні бар, бірақ мектеп практикасында ол тек бір жақты пайдаланылады, жеміс бағына, гүлді декоративті үлескіге немесе бау – бақшаға айналады. Оқушылардың бойында экологиялық-биологиялық білімді қалыптастыруда оқу - тәжірибе үлескісін дұрыс пайдалану биологиялық, экологиялық білімді ұйымдастыруда үлкен пайда келтіреді. Оқу – тәжірибе үлескісінде мақсатқа бағытталып ұйымдастырылған оқу – тәрбие процесінің басты проблемасы оқушылардың теориялық білімін іс - жүзінде қолдану проблемасын сәтті шешеді. Осылайша оқушыларға биологоялық-экологиялық білім беру жүйесінде оқу – тәжірибе үлескісінің маңызы зор.

Педагогикалық және әдістемелік құралдарда бұл проблема негізінен жалпы дидактикалық аспектке ашылған, ал әдістемелік аспектке заманауи мектеп жағдайына жеткіліксіз. Оқушылардың бойында биологиялық-экологиялық білімдерін қалыптастыруда мектеп үлескісінің мүмкіндіктері толық пайдаланылмайды. Ал сабақтар тек эпизодты түрде өткізіледі, кейбір қала мектептерінде бұндай үлескілер жоқ. Сондықтан биологияны оқытуда оқушылардың биологиялық – экологиялық білімдерін қалыптастыруда оқу – тәжірибе үлескісі базасын әр уақытта мақсатқа бағытталып ұйымдастырылмайды және жүйелі жасалмайды.



## Әдебиеттер

1. [edu.semgu.kz/ebook/umkd/95ab6aad...](http://edu.semgu.kz/ebook/umkd/95ab6aad...) Пәннің оқу-әдістемелік материалы «Мектеп жанындағы үлескі жұмысын ұйымдастыру» «5B011300» – «Биология» мамандығы үшін
2. [martebe.kz/mektep-okhu-tazhiribe..](http://martebe.kz/mektep-okhu-tazhiribe..)
3. [stud.kz/referat/show/51754](http://stud.kz/referat/show/51754)
4. [nsportal.ru/shkola/raznoe/.](http://nsportal.ru/shkola/raznoe/)
5. [mancharcosh.jimdo.com/пришкольный-участок/документация-пришкольного-опытного-участка/](http://mancharcosh.jimdo.com/пришкольный-участок/документация-пришкольного-опытного-участка/)
6. А.А.Плешаков От земли до неба Атлас-определитель Москва «Просв»2018;
7. Д-р Д.Г.Хессайон Все о саде, за которым легко ухаживать Москва «Олмапресс» 2004;
8. Д-р Д.Г.Хессайон Все о клумбовых растениях Москва«Кладезь-Букс» 2004;
9. О. Ганичкина, А. Ганичкин Цветы на вашем участке Москва «Кладезь-Букс» 2009;
10. Г.К.Тавлинова Цветоводство Санкт-Петербург «Агропромиздат»1998;
11. Республикалық ғылыми-танымдық, көпшілік журналы, Гүлстан. Алматы 2013, №4,5;
12. Т.Д.Шиканян Азбука ландшафтного дизайна Москва «Кладезь-Букс» 2006;
13. Ян Ван дер Неер Все об альпийских горках Москва «Оникс» 2006;
- 14 З.А.Николаевская Садово-парковый ландшафт Москва «Стройиздат» 1989;

## **Жалпы білім беретін зерттеу мектептеріндегі оқу үлескелерінің типтік ережесі**

Мақсаты: оқушылардың экологиялық сауаттылығын ашу, экология-биологиялық білімдеріне сүйене отырып оқу-зерттеу үлескелерін ұйымдастыру.

Басты міндеттері:

- экологиялық мәдениеті жоғары жеке тұлға дайындау, қоршаған ортаға құрметпен қарап, табиғи байлықты үнемді пайдалану;
- экология-биологиялық, натуралистік, табиғатты қорғау, зерттеу қызметтерін ұйымдастырып, оқушылардың білім дәрежесін арттыру;
- сарамандық-агротехникалық жұмыстарды ұйымдастыра білу;
- экономикалық білімдерінің негізін ұйымдастыру;
- өмірге деген құлшыныстарын, патриоттықты арттыру, еңбекке жауапкершілікпен қарауға, шеберлікке жетілдіру;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру.

### **Мектеп жанындағы оқу-зерттеу үлескесі**

- экологиялық, биологиялық табиғаттану пәндерінен алған білімдерін нығайту;
- өсімдіктермен, жануарлармен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- өсімдіктер мен жануарлардың морфологиялық құрылысын, оқып білуді, әрбір органның физиологиялық маңызын, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне тигізетін экологиялық факторлардың әсерін, алдыңғы жаңа технологиямен танысу, оларды сарамандық жұмыстарда пайдалану;
- мектеп питомниктерінде сирек кездесетін, жоғалып бара жатқан флораның түрлерін отырғызуға мүмкіндік береді;

Жеке тұлғаның бойында экологиялық мәдениет қалыптастыруда мұндай қызметтер жағымды әсер етеді.

